

17. Akhmetov N.A., Kistaubasva K.T., Aidzhanova Z.ZH. Psikhologicheskie osobennosti motivatsii professionalnykh sportsmenov // KazNSHU im Abaia Seriya Psikhologiya. - 2019. - № 4(61), C. 89-96.

18. Gorbushitsa A.B., Aktualnys napravleniia i perspektivy issledovaniia motivatsii professionalnoi deiatelnosti // Obshchestvo, nauka, innovatsii: Vserossiiskaia szhegodnaia nauchno-praktichskaia kopferentsiia. Kirov: Izdatelstvo Viat, 2016. - C. 4930-4937.

19. Kozhshvina A.P., Dubrovina S.V. Motivatsiia professionalnoi deiatelnosti podagogov obshchsobrazovatslnykh organizatsii // Obshchestvo: sotsiologiya, psikhologiya, pedagogika. 2018. - № 5. - C. 39-43.

20. Anra Y., Yamin M. Rclationships between Lecturer Performance, Organizational Culture, Leadership, and Achievement Motivation // Foresight and STI Governance. - 2017. - Vol. 11, № 2. - Pp. 92-97.

АННОТАЦИЯ

В этом труде представлена специфика мотивации обучающегося к психолого-педагогическому успеху. Университет предусматривает повышение и развитие мотивации обучающихся к успеху, способность мотивировать или активизировать учащихся к необходимости достижения определенной цели, рассматриваются индивидуальные особенности достижения, предопределятели заявляют об особенностях овладения знаниями с энтузиазмом. Для развития высокой мотивации к успеху, студенту необходимо стать состоявшимся специалистом будущей профессии. Представлены интерактивные методы современного обучения, тренинги, педагогическая опытно-экспериментальная работа, пути развития и совершенствования, методы обратной связи и рефлексии, побуждающие обучающихся к действию, направляя студентов на удовлетворение определенной потребности. Проведен педагогический опыт проверки и определения уровня мотивации и готовности обучающихся к ней. Через данное направление педагогической деятельности реализуется решение столь необходимое для выживания человека, как педагогическое развитие, саморазвитие, формирование социальных взаимоотношений, необходимых ему личностных качеств с использованием возможностей для развития, также взаимодействие с окружающими. В результате, определены уровни учебных достижений, полученных студентами по заданиям опыта изучения подготовки и выявления особенностей по умениям и навыкам через мотивационные знания и гибкость.

FTAXP: 77.29.30

Брманова Н.Н., аға оқытушы, магистр, <https://orcid.org/0000-0003-2820-7989>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ
Орал қ., Жәңгір хан көшесі 51, 090009, Қазақстан, nurshat_1990@mail.ru

Brmanova N. N., teacher, master, <https://orcid.org/0000-0003-2820-7989>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan»,
Uralsk, st. Zhangirkhan 51, 090009, Kazakhstan, nurshat_1990@mail.ru

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ THE BASICS OF FORMING A HEALTHY LIFESTYLE FOR YOUNG PEOPLE THROUGH NATIONAL SPORTS

ТҮЙІН

Осы мақаланың өзектілігі білім беру үрдісінде ұлттық спорт түрлері арқылы жастардың салауатты өмір салты туралы білімдерін жаңғырту мәселесін зерттеу қажеттілігін анықтайды. Бұл арада осы мәселенің теориялық жағынан аз зерттелуі мен ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талап етілетін деңгейде қамтамасыз етілмеуі арасында қайшылық бар екендігіне көз жеткізілді. Жүргізілген зерттеу барысында «салауатты өмір салты» ұғымы ұлттық спорт түрлері негізінде

айқындалып, олардың бір-бірімен байланысы ғылыми түрде негізделіп, осы бағыттағы әлемдік мәдени озық идеялар жүйеленді. Денсаулықты қорғау және нығайту үшін маңызды ғылыми тұжырымдамалар мен нәтижелерді қолдану сипатталды. Зерттеу материалдары барлық кәсіби балалар білім беру мекемелерінде, жоғары және арнайы оқу орындарында, оқу-тәрбие үрдісінде, жалпы білім беретін мектептер мен мектептен тыс жұмыстарда және ата-аналармен жұмыста қолдануға болады. Зерттеудің мақсаты ұлттық спортқа негізделген жастардың салауатты өмір салты туралы білімдерін жаңартудың ұлттық әдістемелерін ғылыми түрде көрсету және тәжіриберлік түрде жүйелеу. Педагогикалық эксперимент үш кезеңде жүргізілді, эксперименттік тобына «МС-21» топ студенттері, бақылау тобына «ВТ-21» студенттері қатысты. Эксперимент 3 кезеңнен тұрды (анықтау эксперименті, қалыптастыру эксперименті, бақылау нәтижесінде тексере отырып қорытындылау эксперименті). Зерттеу нәтижесінде жалпы қорытынды жасалды. Негізгі қорытынды: Ұлттық спорт түрлері арқылы жастардың салауатты өмірін қалыптастырудың мазмұндық-құрылым моделі жастардың көзқарасын байытып, олардың іс-әрекетінде әсемдік туғызуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, үлгілі жұмыстың нәтижесінде ұлттық құндылықтарды қастерлеп, қорғай білетін, салауатты өмір салтын ұстанатын тұлғаларды тәрбиелеу міндеті тұр.

ANNOTATION

The relevance of this article determines the need to study the issue of modernizing the knowledge of young people about a healthy lifestyle through national sports in the educational process. At the same time, it was noted that there is a contradiction between the insufficient theoretical study of this problem and the lack of scientific and methodological support. In the course of the study, the concept of "healthy lifestyle" was defined on the basis of national sports, their relationship with each other was scientifically substantiated, world cultural advanced ideas in this direction were systematized. The application of important scientific concepts and results for the protection and promotion of health is described. The research materials can be used in all professional children's educational institutions, higher and special educational institutions, educational process, general education school and extracurricular activities, work with parents. The purpose of the study is to scientifically show and experimentally systematize folk methods for updating knowledge about a healthy lifestyle of young people based on national sports. The pedagogical experiment was carried out in three stages, students of the MS-21 group took part in the experimental group, students of the VT-21 group took part in the control group. The experiment consisted of 3 stages (experiment of identification, experience of formation, experience of summing up by checking as a result of observation). As a result of the study, a general conclusion was made. The main conclusion: the content-structural model of the formation of a healthy life for young people through national sports enriches the attitude of young people and makes it possible to create beauty in their actions. In addition, as a result of exemplary work, the task is to educate a person who knows how to respect and protect national values and lead a healthy lifestyle.

Кілт сөздер: ұлттық спорт, ұлттық спорт түрлері, ұлттық ойындар, салауатты өмір салты, қалыптастыру.

Key words: national sport, national sports, national games, healthy lifestyle, formation.

Кіріспе. Салауатты өмір салтын қалыптастыру үздіксіз процесс болып табылады. Салауатты өмір салты сіздің денсаулығыңызды сақтауға, жақсартуға және нығайтуға көмектесетін ең құнды дүниелердің бірі. Қазіргі уақытта дамыған елдерде салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі әлеуметтік мәселеге айналды [1].

Қазақстанның ұлттық спорты жастардың ұлттық болмысын дамытуда және салауатты өмір салтын қалыптастыруда ерекше орын алуы тиіс. Бір сөзбен айтқанда, қазақ жастарының денсаулығы да еліміздің мәдениетінің деңгейін көрсететін негізгі факторлардың бірі [2].

Салауатты дененің сұлулығы, мінез-құлықтың ұлылығы, салауатты өмір салтының барлық элементтерін жастар арасында қалыптастырудың маңыздылығы ұлттық халық ойындарында, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, халық өнерінде жан-жақты көрсетілген [3].

Педагогика мен этнопедагогикадағы халық ойындарының маңызын ұғындыру барысында, ең алдымен, зерттеуші-педагогтардың зерттеулері жас ұрпақтың дене қабілеттерін дамытуға, танымдық дүниесін қалыптастыруға, сауаттылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай міндеттер бүгінгі жаңа ұрпақтың ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрдің сақтаушысы әрі мұрагері болып қалыптасуына әсер етуі тиіс [4].

Біздің зерттеуіміздің тұжырымдамасы – салауатты өмір салты. Әлеуметтанушы Т.Ж.Нақыпбекова пікірінше: «Өмір салты субъектінің әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу тәсілі. Өмір салты арқылы қоғамның экономикалық жағдайын, қоғамдық қатынасын, материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейлері көрінеді» [5].

А.Құралбекұлы мен С.Әкімбайұлы қазақ мектептеріндегі дене тәрбиесі жүйесін қазақ этнопедагогикасы негізінде талдап берді [6]. Онда халық өнері мен ұлттық ойындарды тиімді пайдаланудың ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздері қамтылса, А.Айтпаеваның еңбектерінде орыс тілінде оқытылатын қазақ мектептерінің оқу-тәрбие құралы ретінде ұлттық ойындарды пайдаланудың теориялық-әдістемелік негіздері жүйеленіп, оның оқу-тәрбиелік мүмкіндіктері айқындалған [7].

Ұлттық халық ойындарының қоғамдық өмірдегі алатын орнын теориялық-педагогикалық тұрғыдан негіздеу ұлттық ойындар мен спорт түрлерін пайдаланудағы теориялық-педагогикалық мазмұнның сапасына әсер етіп, спорттық білім берудің практикалық мазмұнын кеңейтіп, ұстаздар дайындығының сапасын арттырады, спортқа арналған мемлекеттік заңдар мен бағдарламалардың сапалы болуына жол ашады [8].

Ұлттық дәстүрлі ойындарды дәріптеу, олардың қоғамдағы рөлі, ұрпақ тәрбиесінің қажеттілігі сияқты тақырыптарда отандық және шетел ғалымдары көптеген зерттеулер жүргізді [9].

Ойынның түрі мен мазмұны әр елде әртүрлі және адамдар тұрмыста, шаруашылықта, т.б. ойындарды өз мақсаттарына жету үшін пайдаланады [10]. Мысалы, ойындарда топтасу, қауымдастық арқылы жеңіске жету, жеке жетістіктерді белгілеу, даулы мәселелерді шешу, кімнің соңынан еру керектігін шешу, сөйлеуді жақсарту, физикалық өнімділікті арттыру, жаттығулар жасау, рәсімдерді орындау, жаңа адамдармен танысу, т.б. сияқты бағыттардың барлығы өмірге қажетті қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыруға арналғандығын көруге болады [11].

Ғылыми зерттеуші Б.Досқараев «Қазақстандағы дене шынықтыру жүйесінің қалыптасуы мен дамуының тарихи-педагогикалық негіздері» атты кандидаттық диссертациясында «Халықтық ойындар мен спорт түрлері өзінің жан-жақты әсерімен ерекшеленеді, оларды әртүрлі жастағы адамдарға қолдануға болады [12]. Халық ойындарын спортшы дайындауда жалпы дайындық құралы ретінде пайдалану тиімді. Түркі халықтарының ойындары әскери дайындыққа қолайлы болып келеді [13]» деп, ұлттық ойындар мен спорт түрлерін насихаттау керектігін көрсетті.

Тәнекеевтің «Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы дене тәрбиесінің тарихы»[14], «Бәйгеден Олимпиада ойындарына дейін»[15] және «Халық спорты әлемі»[16] кітаптарында ұлттық ойындар мен спорт түрлеріне қатысты мағлұматтар көптеп кездеседі, сондай-ақ республикалық көлемде ұлттық спортты дамытуға кедергі болып отырған жағдайлар мен оларды болдырмаудың шарттары да көрсетіледі.

Е.Мұхиддиновтың «Дене тәрбиесінде қазақ ұлттық ойындарын қолдану» еңбегімен педагогика ғылымдарының кандидаттық диссертациясын қорғап, «ұлттық ойындар туралы ғылыми еңбектерді және үлгілі алдыңғы қатарлы тәжірибелерді зерттеу баланың дене тәрбиесіне ғана емес, сонымен қатар оларға интеллектуалды және адамгершілік жағынан да пайдалы әсері бар [17]» деп көрсетеді.

Ә.Бүркітбаевтың «Ұлттық спорттық ойындар және тәрбиелік құндылықтар» жинағында ұлттық спорт түрлері мен ұлттық ойындардың балалардың күнделікті өміріндегі орны, тәрбиелік мәні, ат спорты мен ұлттық ойындардың ережелері қарастырылған.

Т.С. Қуанышовтың «Болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерін ұлттық ойын құралдарын пайдалана отырып тәрбиелеу» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясы болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерін қазақ халық ойындарын пайдалана отырып оқытуға дайындаудың педагогикалық және практикалық мәселелеріне, сондай-ақ олардың оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен жүргізуге арналған [18].

Берілген теориялық-әдістемелік әдебиеттер көздеріне шолу дене шынықтыру және жалпы білім мен спорттық жаттығулар әдістеріне әсер ететін жағдайлар тұрғысынан ұлттық және басқа спорт түрлерінен жаттығулардың түрлері мен әдістері бойынша нақты зерттеулер жасауға мүмкіндік береді [19].

Зерттеудің мақсаты. студент жастардың салауатты өмір салтын ұлттық спорт түрлерінің әдіс-тәсілдері арқылы қалыптастыруды теориялық негіздеу.

Зерттеудің әдістері. талдау, жалпылау, салыстыру, түсіндіру, педагогикалық эксперимент, материалдарды өңдеу.

Зерттеу нәтижесі мен талқылау. Педагогикалық эксперимент барысында ұлттық спорт түрлерінің әдіс-тәсілдерін зерттеп, олардың шеберлігін шыңдау арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталды. Сонымен қатар «Дене шынықтыру» курсына студенттердің оқу мазмұнына тиімді, заманауи ынталандыру әдістері мен бақылаудың жаңа әдістерінен тұратын білім беру мазмұны дайындалды.

Эксперимент үш кезеңде жүргізілді, эксперименттік тобына «МС-21» топ студенттері, бақылау тобына «ВТ-21» студенттері қатысты.

I-кезең- анықтау эксперименті

II-кезең- қалыптастыру эксперименті

III-кезең- бақылау нәтижесінде тексере отырып қорытындылау эксперименті.

Педагогикалық эксперименттің бірінші кезеңінде студенттерге арнайы дайындалған сауалнамалар беріліп, студенттердің денсаулыққа байланысты білімдері мен дағдыларын талдау үшін сұхбаттар мен бақылаулар жүргізілді, «Салауатты өмір салты», «Салауатты өмір сүру», «Ұлттық спорт түрлерінің құндылықтары» мәселелеріне деген көзқарастары зерделенді.

Талдау барысында жастармен жүргізілген сауалнама нәтижесінде студенттер салауатты өмір салты мен ұлттық құндылықтардың маңыздылығын тағы бір рет растап, қолдайтындықтарын жеткізді.

Төменде жастардың бойында ұлттық құндылықтар негізінде салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларымыздың нәтижесінің деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамалар мен сынақтардың нәтижелері ұсынылған.

Бақылау тобы – салауатты өмір салтын қалыптастыруда дәстүрлі оқыту әдісін қолданатын топ, ал зерттеу жұмысы барысында ұлттық спорт түрлерінің әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде қолданатын топ эксперименталды топ болып табылады.

Кесте 1 – Анықтау кезеңі бойынша студент жастардың салауатты өмір салты туралы танымдарын жаңғырту деңгейлерінің көрсеткіштері

№	Деңгей	Эксперимент тобы	Бақылау тобы
		Экс.дейін	Экс.дейін
1	Жоғарғы	13(26,6%)	8(21,2%)
2	Орта	16(32,6%)	12(31,6%)
3	Төмен	20(40,8%)	18(47,2%)
4	Барлығы	49	38

Салауатты өмір салты көптеген факторлардың әсерінен қалыптасады, ең алдымен ұлттық ойындарға қатысу, ұлттық спорт түрлерімен айналысу оң нәтиже береді. Спорт адам ағзасын

тәртіпке баулиды, ерік-жігерді жаттықтырады, жаман әдеттерден арылып, салауатты өмір салтын қалыптастыратыны белгілі. Екінші жағынан, салауатты өмір салты, жаман әдеттерден бас тарту өте үлкен физикалық күш салуға мүмкіндік береді, спортшылардың спорттық жетістіктерін арттырады, психикалық жай-күйінің деңгейін төмендету арқылы алаңдаушылық деңгейін төмендетеді [20].

Екінші кезеңде жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістемесін белгілеу және негіздеу мақсатында екі факторлы педагогикалық эксперимент жүргізілді (2-кесте). Біздің міндетіміз – студент жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ұлттық спорт түрлері мен дәстүрлі дене шынықтыру және оқу сабақтарының тиімділігін эмпирикалық түрде салыстыру.

Кесте 2 – Студент жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ұлттық спорт түрлері мен дәстүрлі дене шынықтыру және оқу сабақтарының тиімділігін анықтауға арналған екі факторлы педагогикалық эксперимент жоспары

В факторы (дене жүктемесінің көлемі)			
А факторларының деңгейлері (Дене тәрбиесі тәсілдері)	Аптасына 2 сабақ	Аптасына 3 сабақ	Аптасына 4 сабақ
Ұлттық спорт	Ат спортымен аптасына 2 рет айналысады	Ат спортымен аптасына 3 рет айналысады	Ат спортымен аптасына 4 рет айналысады
Қазақша күрес	Қазақша күреспен аптасына 2 рет айналысады	Қазақша күреспен аптасына 3 рет айналысады	Қазақша күреспен аптасына 4 рет айналысады
ДШ пәнінің дәстүрлі бағдарламалары	ДШ бағдарламасы бойынша аптасына 2 рет	ДШ бағдарламасы бойынша аптасына 3 рет	ДШ бағдарламасы бойынша аптасына 4 рет


Үшінші кезеңде бақылау нәтижесін тексере отырып, қорытындылау эксперименті жасалды. Соңғы эксперимент нәтижелері 3-кестеде берілген.

Бақылау нәтижесінде жастардың салауатты өмір салты туралы білімдерін жаңғырту деңгейі жоғарылағаны байқалды. Анықтау эксперименті кезінде 26,6% жоғары деңгейді көрсетсе, эксперимент кезінде нәтиже 49% өсті. Орташа деңгей экспериментке дейін -32,6% және тәжірибеден кейін 34% көрсетті. Төменгі деңгей – тәжірибеге дейін – 40,8% құрады және тәжірибеден кейін 17%-ға дейін төмен нәтиже көрсетті (3-кесте).

Кесте 3 – Анықтау және бақылау кезеңі бойынша студент жастардың салауатты өмір салты туралы танымдарын жаңғырту деңгейлерінің өзгеріс көрсеткіштері

№	Деңгей	Эксперимент тобы		Бақылау тобы	
		Экс.дейін	Экс.кейін	Экс.дейін	Экс.кейін
1	Жоғарғы	13(26,6%)	24(49%)	8(21,2%)	10 (26%)
2	Орта	16(32,6%)	17(34%)	12(31,6%)	13(34,3%)
3	Төмен	20(40,8%)	8(17%)	18(47,2%)	15(39,7%)
4	Барлығы	49	49	38	38

Студент жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға әсер ететін материалдарды тиімді пайдалана білгенде ғана жалпы салауаттылықтың теориялық негіздерін қызығушылықпен оқитыны анықталды. Зерттеу нәтижесінде студент жастардың қызығушылығы артқандығы дәлелденді (1-диаграмма).



Сурет 1 – Анықтау және бақылау кезеңі бойынша студент жастардың салауатты өмір салты туралы танымдарын жаңғырту деңгейлерінің өзгеріс көрсеткіштері

Зерттеу нәтижесі бойынша ұлттық спорт түрлерінен типтік бағдарламалар бойынша сабақтар дәстүрлі дене шынықтыру сабақтарына қарағанда тиімдірек. Ұлттық спорт түрлерімен және дене шынықтырумен айналысу қатысушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға және олардың денсаулығын нығайтуға ықпал етеді. Педагогикалық эксперимент нәтижесінде ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың салауатты өмір салты туралы білімдерін жаңғыртудың ұтымды аспектілері анықталды.

Қорытынды. Спорт арқылы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың жалпы ұлттық мәселесі қашанда педагогика ғылымының саласына жататындықтан, бұл көптеген ғылыми зерттеулерге негізделгені анық [21]. Жоғарыда аталған ұлттық спорт түрлері мен ойындарын топтастыру, жүйелеу мәселелеріне қатысты зерттеулерді қарастырсақ, елімізде ұлттық ойындарды топтастыру, жүйелеу бойынша зерттеулер жүргізіліп жатқанын және олардың түрлері мен мақсаттарының көп бағытты екенін байқауға болады. Қазақтың ұлттық ойындары мен спорт түрлерін жүйеге келтіріп, топтастыру білім беру, оқыту, тәрбиелеу сапасын арттыруға, мамандар арасында ортақ түсіністікке және жүйелі ғылыми ізденістерді қалыптастыруға үлкен үлес қосуда. Уақыт өте келе, теориялық және практикалық талаптарға негізделген ойындарды жүйелеу мен топтастыруды жетілдіру тиімді болатыны белгілі болуы мүмкін.

Ұлттық спорт түрлері негізінде жастардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық үлгісі жастардың көзқарасын байытып, іс-әрекетінде әсемдік тудыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, үлгілеу нәтижесінде ұлттық құндылықтарды қорғай және сақтай алатын, салауатты өмір салтын ұстанатын тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған.

Бір сөзбен айтқанда, ұлттық спорт түрлері арқылы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі қазіргі қоғам талабы аясында өзектілігімен және маңыздылығымен құнды [22]. Бүгінгі ұрпақ бейнесі еліміздің болашақта көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылатынын айғақтайды. Сол себепті дені сау, ақ ниетті, серіктестіктің алғашқы іскерлік қағидаларын меңгерген, бір-бірімен және үлкендермен оң қарым-қатынас орната алатын, ізгі ниетті тұлғаның қалыптасуына үлес қосқан ұрпақ тәрбиелеуді басты міндетім деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Төлеуов Б.У. Қазақ ұлттық ойындарының топтастырылуы және олардың сипаттамасы // Дене тәрбиесінің жаршысы.-2011.-№1(22).-Б.13-16.
2. Ерубаев Н.А. Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік маңызы // Н.А.Ерубаева., С.Ж.Абиров., Н.М. Ахмеджанова // Дене тәрбиесінің жаршысы.-2011.-№1(22).-Б.28-30.

3. Джумажанова Г.К. Оқу үрдісінде ұлттық ойын түрлерін пайдалану жолдары мен ерекшеліктері // Қазақстан жоғарғы мектебі.-2012.- №1.-Б.40-43.
4. Қорғанбаева И. Ұлттық ойын – ұлт игілігі // Ана тілі. -2013.-Б.11.
5. Қазақтың ұлттық ойындары // Білім технологиялары.-2014.№57-Б.41-42
6. Смагулов Д.С. Қазақтың ұлттық ойындарының дене тәрбиесіндегі орны // Қазақстан жоғарғы мектебі.-2014.- №4.-Б.253-257.
7. Болебаев З.А.Ойындардың тәжірибелік мәні//Тәрбие жұмысы мектепте және мектептен тыс мекемелерде.-2014. №5-6.-Б.34.
8. Әбілова Р. Ұлттық ойынды сабақта пайдалану //Қазақ тарихы.-2015.- №1.-Б.32.
9. Жауымбаев Г.С. Қазақтың ұлттық ойындарын химия пәнінде пайдаланудың маңызы //Химик анықтамалығы.-2015.- №2.-Б. 8-9.
- 10.Қалиева Ә.Д. Ұлттық құндылықтар негізінде білім беру //Химик анықтамалығы.-2015. №2.-Б.10-12.
- 11.Жүнісбекова Д.А., Керімбеков М.Ә., Жүнісбекова Ж.А., Момбиева Г.А. Қазақ ұлттық ойындарының кейбір психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері // Қазақстан жоғарғы мектебі.-2015.- №2.-Б.45-50.
- 12.Хамбетова Ж.М. Дене тәрбиесіндегі қазақтың ұлттық ойындарының орны // Валеология салаутты өмір салты.-2015. №3.-Б.4-5.
- 13.Ғабитов Т., Халиуллин Ғ. Қазақтың дәстүрлі ойын-сауық мәдениеті // Ана тілі.-2016.- Б-17-24.
- 14.Отарбай К. Ұлттық ойынымызды ұмытып қалмайық// Қазақ спорты.-2016.-Б.17.
- 15.Оразов Ш. Дене тәрбиесі жаттығуларының дене шынықтырудағы маңызды орны// Ізденіс-Поиск (гуман.ғылым.сер.).-2016.- №1.-Б.46-50.
- 16.Мендалиев Б.М. Ұлттық спорт ойындарының дене мәдениетін дамытудағы алатын орны// Қазақстан жоғарғы мектебі.-2016.- №2-Б.183-187.
- 17.Элараби АЭР, Шахиен М, Джахан АМ, Этум М, Бехет. Эффективность обучения виртуальной реальности в реабилитации ортопедических травм голеностопного сустава: систематический обзор и мета-анализ. Достижения в реабилитационной науке и практике. 2023;12. doi:10.1177/11795727231151636
- 18.Östlind E, Eek F, Stigmar K, Sant'Anna A, Ekvall Hansson E, Struglics A. Ассоциации между физической активностью, самооценкой функции суставов и молекулярными биомаркерами у людей трудоспособного возраста с остеоартритом тазобедренного и / или коленного суставов. Идеи клинической медицины: артрит и заболевания опорно-двигательного аппарата. 2022;15. doi:10.1177/11795441221081063
- 19.Lee, S., Kwon, S., Jang, D., & Kwon, H. (2023). Влияние соответствия тренер-спортсмен на отношения тренер-спортсмен в командном спорте: роль доверия в тренере. Международный журнал спортивной науки и коучинга, 0(0). <https://doi.org/10.1177/17479541231164771>
- 20.Chao, C.-H., Kao, S.-F., & Tsai, C.-Y. (2023). Тренерская эффективность и эффективность коучинга в прогнозировании удовлетворенности спортсменов: рамки соглашения о себе ином. International Journal of Sports Science & Coaching, 18(2), 350–360. <https://doi.org/10.1177/17479541221138043>
- 21.Soto-García, D., Reynoso-Sánchez, L. F., García-Herrero, J. A., Gómez-López, M., & Carcedo, R. J. (2023). Компетентность тренера, справедливость и подлинное лидерство: модель удовлетворенности спортсменов. International Journal of Sports Science & Coaching, 18(2), 361–369. <https://doi.org/10.1177/17479541221122411>
- 22.Smith, K., Burns, C., O'Neill, C., Duggan, J. D., Winkelman, N., Wilkie, M., & Coughlan, E. K. (2023). Как коучить: Обзор теоретических подходов к разработке новой структуры обучения тренеров. Международный журнал спортивной науки и коучинга, 18(2), 594–608. <https://doi.org/10.1177/17479541221136222>

REFERENCES

1. Toleuov B.U. Kazak ulttyk oyindaryn toptastyryy zhane olardyn sipattamasy / / Dene tarbiesini zharshysy.-2011.-№1(22).- B. 13-16.
2. Yerubaev N. A. Kazaktyn ulttyk oyindarynn tarbielik manyzy / / N. A. Yerubaeva. S. J. Abirov. N. M. Akhmedzhanova // Dene tarbiesinin zharshysy.-2011.-№1(22).- B. 28-30.

3. Dzhumazhanova G. k. Oku urdisinde ulttyk oyın turlerin paydalanu zholdary homines yerekshelikteri // Kazakhstan zhogargy mektebi.-2012.- №1.-B. 40-43.
4. Korganbaeva I. Ulttyk oyın-ulttyk igiligi // Ana tili. -2013.- B. 11.
5. Kazaktyn ulttyk oyındary // Bilim technicae artis.-2014.No. 57-B. 41-42
6. Smagulov D. S. Kazaktyn ulttyk oyındegi tarbiesindegi orny // Kazakhstan zhogary mektebi.-2014.- №4.- B. 253-257.
7. Bolebaev Z.,a. oyındardyn tajiribelik mani // Tarbie zhumysy Mektepe zhane mektepten milia mekemelerde.-2014. №5-6.- B. 34.
8. R. Abilova ulttyk oyındy sabakta paidalanu // Kazak tarikhy.-2015.- №1.- B. 32.
9. Zhaumbayev G,s. kazaktyn ulttyk oyındaryn chemiae paninde paidalanudyn manyzy // Chemicus anyktamalygy.-2015.- №2.- B. 8-9.
10. Kaliyeva O.,D. ulttyk kundylyktar negizinde bilim beru /Chemicus anyktamalygy.-2015. №2.- B. 10-12.
11. Zhunisbekova D, A., Kerimbekov M, A. Zhunisbekova Zh,A., Mombieva G, A. Kazak ulttyk oyındaryn keybir psychologiyalyk-paedagogikalyk erekshelekteri//Kazakhstan zhogary mektebi.-2015.- №2.- B. 45-50.
12. Khambetova Zh,M. Dene tarbiesindegi kazaktyn ulttyk oyındarynyn orny // Valeologiya salaatty omir salty.-2015. №3.- B. 4-5.
13. Gabitov T., Khaliullin G. Kazaktyn dasturly oyyn-sauyk madenieti // Ana tili.-2016.- B-17-24.
14. Otarbai K. Ulttyk oyynymyzdy umytyp kalmayyk// kazakh ludis.-2016.- B. 17.
15. Orazov Sh. Dene tarbiesi zhattygularyn dene shynyktyrudagi manyzdy orny// Izdenis-Quaerere (humanum.gylym.sère.).-2016.- №1.- B. 46-50.
16. Mendaliyev B. M. ulttyk lusum oyındaryn dene madiyetin damytudagi alatyn orny // Kazakhstan zhogary mektebi.-2016.- No. 2-B. 183-187.
17. Èlarabi AÈR, Šahien M, Džahan AM, Ètum M, Behet. Èffektivnost' obučenâ virtual'noj real'nosti v reabilitacii ortopedičeskikh travm golenostopnogo sustava: sistematičeskij obzor i meta-analiz. Dostiženâ v reabilitacionnoj nauke i praktike. 2023;12. doi:10.1177/11795727231151636
18. Östlind E, Eek F, Stigmar K, Sant'Anna A, Ekvall Hansson E, Struglics A. Asociacii meždû fizičeskoj aktivnost'û, samoocennoj funkcii sustavov i molekulárnymi biomarkerami u lûdej trudosposobnogo vozrasta s osteoartritom tazobedrennogo i / ili kolennogo sustavov. Idei kliničeskoj mediciny: artrit i zabolevaniâ oporno-dvigatel'nogo apparata. 2022;15. doi:10.1177/11795441221081063
19. Lee, S., Kwon, S., Jang, D., & Kwon, H. (2023). Vliânâ sootvetstviâ trener-sportsmen na otnošenâ trener-sportsmen v komandnom sporte: rol' doveriâ v trenere. Meždunarodnyj žurnal sportivnoj nauki i koučinga, 0(0). <https://doi.org/10.1177/17479541231164771>
20. Chao, C.-H., Kao, S.-F., & Tsai, C.-Y. (2023). Trenerskaâ èffektivnost' i èffektivnost' koučinga v prognozirovanii udovletvorennosti sportsmenov: ramki soglašenâ o sebe inom. International Journal of Sports Science & Coaching, 18(2), 350–360. <https://doi.org/10.1177/17479541221138043>
21. Soto-García, D., Reynoso-Sánchez, L. F., García-Herrero, J. A., Gómez-López, M., & Carcedo, R. J. (2023). Kompetentnost' trenera, spravedlivost' i podlinnoe liderstvo: model' udovletvorennosti sportsmenov. International Journal of Sports Science & Coaching, 18(2), 361–369. <https://doi.org/10.1177/17479541221122411>
22. Smith, K., Burns, C., O'Neill, C., Duggan, J. D., Winkelman, N., Wilkie, M., & Coughlan, E. K. (2023). Kak koučit': Obzor teoretičeskikh podhodov k razrabotke novoj struktury obučenâ trenerov. Meždunarodnyj žurnal sportivnoj nauki i koučinga, 18(2), 594–608. <https://doi.org/10.1177/17479541221136222>

АННОТАЦИЯ

Актуальность данной статьи определяет необходимость изучения вопроса модернизации знаний молодежи о здоровом образе жизни через занятия национальными видами спорта в образовательном процессе. При этом было замечено, что существует противоречие между недостаточной теоретической проработкой данной проблемы и

отсутствием научно-методического обеспечения. В ходе проведенного исследования определено понятие «здоровый образ жизни» на основе национальных видов спорта, научно обоснована их связь друг с другом, систематизированы мировые культурные передовые представления в этом направлении. Описано применение важных научных концепций и результатов для охраны и укрепления здоровья. Материалы исследования могут быть использованы во всех профессиональных детских образовательных учреждениях, высших и специальных учебных заведениях, учебном процессе, общеобразовательной школе и внеурочной деятельности, работе с родителями. Цель исследования - научно показать и экспериментально систематизировать народные методы актуализации знаний о здоровом образе жизни молодежи на основе национальных видов спорта. Педагогический эксперимент проводился в три этапа, в экспериментальной группе приняли участие студенты группы «МС-21», в контрольной группе – студенты «ВТ-21». Эксперимент состоял из 3-х этапов (опыт идентификации, опыт формирования, опыт подведения итогов путем проверки в результате наблюдения). В результате исследования был сделан общий вывод. Основной вывод: содержательно-структурная модель формирования здоровой жизни молодежи через национальные виды спорта обогащает мироощущение молодежи и дает возможность создать красоту в ее действиях. Кроме того, в результате образцовой работы стоит задача по воспитанию личности, умеющей уважать и защищать национальные ценности, вести здоровый образ жизни.

FTAXP 77.03.15

Ғабитов А. Р., оқытушы, магистр, <https://orcid.org/0009-0003-2285-6432>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ
Орал қ., Жәңгір хан көшесі 51, 090009, Қазақстан, Gabitov_1994@inbox.ru

Тлебалиев А. А., оқытушы, магистр, <https://orcid.org/0009-0004-1950-1072>

«Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі»ЖШС, Орал қ., Жәңгір хан көшесі 67,
090009, Қазақстан, Asiljan.t.a@mail.ru

Gabitov A. R., teacher, master, <https://orcid.org/0009-0003-2285-6432>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk,
st. Zhangirkhan 51, 090009, Kazakhstan, Gabitov_1994@inbox.ru

Tlebaliev A. A. teacher, master, <https://orcid.org/0009-0004-1950-1072>

LLP «West Kazakhstan Higher Medical College», Uralsk, st. Zhangir khan 67, 090009, Kazakhstan,
Asiljan.t.a@mail.ru

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ СПОРТҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ INCREASING INTEREST IN SPORT OF STUDENTS

ТҮЙІН

Мақалада студент жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыру мәселесі қарастырылған. Кіріспеде студенттердің спортқа деген қызығушылығы туралы жалпы түсінік береді. Әртүрлі әдебиеттерді талдау студенттердің оқу-тәрбие процесіне түрлі әдістерді, соның ішінде жастардың спортқа деген саналы қатынасына ықпал ететін мотивациялық - құндылық бағдарларды құру, теориялық сабақтарда қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып оқыту, өз бетінше спортпен айналысуына мүмкіндік беру, спорттың жаңа түрлерімен таныстыру және студенттерді дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық шаралар мен жарыстарға қатысуға, ұйымдастыру мен өткізуге, жарыстарға төрелік етуге, нұсқаушы жұмысына тарту секілді шараларды енгізудің маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу үшін соңғы ұсынылған іс-шара алынады. Зерттеу екі кезеңнен тұрады. Зерттеуге жарыстарға бару тәжірибесі бар 40 студент қатысты. Зерттеудің екі кезеңінің нәтижелері бойынша қорытындылар жасалады. Негізгі қорытынды: жарыстар оқу процесінде міндетті түрде қолданылуы тиіс, студент жастардың спортпен айналысуға деген қызығушылығын арттыратын маңызды мотивациялық фактор болып табылады. Жарыстар – бұл студенттерге тек